ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ
ДЕПУТАТЫ

ДЕПУТАТ
КУРУЛТАЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Мәңгілік Ел даңғылы, 2
20 __ жылғы «___»_____
№ _____

010000, Астана, проспект Мәңгілік Ел, 2
«___» _____ 20 __ года
№ _____

14.10.2026 ж. жарияланды

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б.Н. Асыловқа

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі
Ж.Х. Мәдиевке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Жаслан Хасенұлы!

Еліміздің жаңа Конституциясында алғаш рет әр адамның жеке және отбасы құпиясының қорғалуына, сондай-ақ дербес дерегінің заңсыз жиналуы мен пайдаланылуынан қорғау құқығына заңмен кепілдік берілген.

Бұл – адамның құқығы мен бостандығын қорғауға бағытталған маңызды конституциялық норма. Цифрлық дәуірде бұл кепілдіктің маңызы бұрынғыдан да арта түсті.

Мемлекет басшысы бастаған өзгерістердің түпкі мақсаты – азаматтың құқығын күнделікті өмірде нақты қорғау. Сондықтан конституциялық кепілдіктер әрбір мемлекеттік органның, әрбір ұйымның жұмысында орындалуға тиіс.

Бәрімізге мәлім, 11 қазан қазақстандықтар «Яндекс» компаниясының такси және жеткізу сервистеріне қол жеткізе алмады. Компания мұны шетелдегі инфрақұрылымдағы ақаумен түсіндірді. Министрлік қазақстандық пайдаланушылардың дербес деректері сақталатын серверлер ел аумағында

14.10.2026 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

орналасқанын және қалыпты жұмыс істеп тұрғанын мәлімдегенімен, сервистердің жұмысына қажетті кейбір компоненттердің Қазақстаннан тыс жерде екенін растады. Күн сайын азаматтардың телефон нөмірі, мекенжайы, жүріп-тұру бағыты мен төлем деректерін өңдейтін сервистің шетелдегі бір ақаудан тоқтап қалуы бұл деректердің нақты қай елде, қандай құқықтық режимде өңделетінін ашық анықтауды талап етеді.

Келесі мәселе – азаматтардың жеке деректерінің ашық жариялануы.

Жақында Қызылорда облысының Шиелі ауданында жеті білім беру ұйымы медициналық тексеру қызметін сатып алу кезінде 529 қызметкердің дербес деректерін мемлекеттік сатып алу порталында ашық жариялаған. Ал, Семей қаласында 31 мектептің сайтында 3 752 қызметкердің және 344 кәмелетке толмаған баланың деректері ашық қолжетімді болған. Жарияланған құжаттарда аты-жөні, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, мекенжайы және телефон нөмірі сияқты мәліметтер қамтылған.

Бұл деректерді алу үшін ақпараттық жүйені бұзудың да қажеті болмаған. Оларды қорғауға тиіс ұйымдардың өздері ашық жариялаған.

Сонымен қатар, әрқайсымыз мемлекеттік қызмет алғанда, банкке жүгінгенде, емханаға тіркелгенде, баламызды мектепке орналастырғанда өзіміз туралы мәліметтерді тапсырамыз.

Бірақ одан кейін не болады? Деректерімізді кім қарайды? Қандай мақсатта пайдаланады? Кімге береді? Қанша уақыт сақтайды? Біз мұны қалай бақылай аламыз?

Әсіресе балалардың мәліметтеріне мұқият қарау қажет. Баланың тұратын жері, оқу орны, денсаулығы мен отбасының әлеуметтік жағдайы туралы ақпараттың таралуы оның қауіпсіздігіне де, жеке өміріне де қауіп төндіруі мүмкін. Осыған байланысты мынадай шараларды ұсынамыз.

Біріншіден, 11 қазан күнгі болған жағдайдан кейін барлық азаматтардың жеке деректерін шетелде өңдейтін ұйымдардың қызмет түрлерін жіті тексеру қажет.

Екіншіден, артық деректерді жинау мен оларды негізсіз сақтау заңмен шектелген. Сондықтан, мемлекеттік органдардың, әлеуметтік сала ұйымдарының және оларға қызмет көрсететін компаниялардың қандай мәліметтерді не үшін жинайтынына талдау жүргізу қажет.

Үшіншіден, жоғарыда аталған білім беру ұйымдарындағы жағдай қайталанбас үшін, деректерді заңсыз жариялаудың алдын алатын автоматты техникалық қорғанысты енгізу қажет.

Төртіншіден, Білім беру және медициналық платформаларға, мектептегі тамақтану мен кіру жүйелеріне қызмет көрсететін компаниялардың қандай деректер алатынын, оларды кімге беретінін және шарт аяқталғаннан кейін не істейтінін тексеру қажет.

Бесіншіден, деректері таралған азаматқа нақты көмек көрсету тәртібін қамтамасыз ету. Зардап шеккен адам бірнеше органға кезекпен жүгініп, бір жағдайды қайта-қайта дәлелдеуге мәжбүр болмауы керек.

Алтыншыдан, осы мәселелер бойынша ведомствоаралық іс-қимыл жоспарын ұсыну. Заңнамалық өзгерістер қажет болса, нақты ұсыныстар берілсін. Ал мәселе қолданыстағы талаптардың орындалмауынан туындаса, оны түзету шаралары белгіленсін.

Бас прокуратурадан аталған фактілер бойынша қабылданған шараларға, азаматтарды хабардар етуге және олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге қатысты мәлімет ұсынуды сұраймыз.

Цифрлық мемлекетке деген сенім азаматтың өз деректерінің қорғалатынына деген сенімінен басталады.

Жауапты заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде ұсынуыңызды сұраймыз.

Құрметпен,
«Әділет» партиясы фракциясының
депутаттары атынан Құрылтай
депутаты **Л. Жылқыбаева**

Орындаған: Л. Жылқыбаева
тел: 8/7172/746145